

<sup>1</sup>Накышов Н.Н.,\* <sup>2</sup>Татимова М.Н., <sup>3</sup>Сәдібекова М.С.

<sup>1</sup>з.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚМУ аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан

<sup>2</sup>М.Сапарбаев атындағы институттың оқытушысы, Шымкент, Қазақстан

<sup>3</sup>Ә.Қуатбеков атындағы ХДУ магистранты, Шымкент, Қазақстан

## ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ – КӨПЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМУДАҒЫ ЖАҢА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМ

Автор корреспондент: [nuradin60@mail.ru](mailto:nuradin60@mail.ru)

**Түйін:** 1998ж. 3 шілдеде Қазақстан Республикасының президентінің шақыруымен Қытай Халық Республикасы төрағасы Цзян Цзэминь Қазақстанға “бестіктің” үшінші кездесуіне қатысу үшін бағыт алды. Сол кезде Қытай Халық Республикасының төрағасы бейбітшілік пен тұрақтылықты қорғау, өркендету мен дамытуға үлес қосу жөнінде мәлімдеді; Аймақтық дамуы мен бейбітшілік мәселелеріне қатысты, оқтүстік Азиядағы жағдайға және бес елдік аймақтық экономикалық ынтымақтастық мәселелеріне қатысты Қытай позициясын анықтап мәлімдеген болатын. Сонымен қатар, ол аймақтық дамуы мен бейбіт өмір сүруіне бағытталған күш-жігерін аямаған болатын деп мәлімдеді; Ресеймен және орта азиялық көршілермен бұл салада достық ынтымақтастыққа қол жеткізілді және бес ел арасында достық ынтымақтастықты сақталуы мен дамуы үшін ұлттық сепаратизммен, терроризммен, қару қолданбастан және басқа да аймақтық тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне қауіп төндіретін зұлымдықпен күресті жалғастыру керектігін көрсетті. Кездесу өткен соң, бес елдік сыртқы істер министрлері “Аймақтық декларацияға” қол қойды. Бұл декларацияда бес елдік екіжақты және көпжақты ынтымақтастығының кеңеюі мен күшеюі олардың халықтарының түпкі мүдделеріне сәйкес келеді және бүкіл Азияның тұрақтылығы, қауіпсіздігі, дамуы мен өркендеуінің маңызды факторы болып табылады.

**Кілттік сөздер:** Ынтымақтастық, ұйым, ТМД, ГУУАМ, ЕврАзЭС, мемлекет, экономика, заң, құқық, ереже.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы – көпжақты ынтымақтастықты дамытудағы жаңа халықаралық ұйым. Бұл ұйымның құрылуымен тек алты мүше-мемлекеттік арасындағы қарым-қатынастарын реттейтін ұйым ғана емес, сонымен қатар бүкіл әлемнің елдеріне әсерін тигізбей қоймайтын жаңа бір тарихи оқиға болды. Соңғы жылдары посткеңестік кеңістікте әскери-саяси, сонымен қатар экономикалық сипаттағы (ТМД, ГУУАМ, ЕврАзЭС және т.б.) интеграциялық ұнімдар құрылған болатын. Алайда олардың бәрі өзіне жүктелген үмітті ақтай алмауда. Осыған орай қазіргі тақда Шанхай ынтымақтастық ұйымы бірден-бір мүмкіндігі зор және өміршеқ ұйым ретінде өзін-өзі танытып отыр.

Ол бірнеше себептермен анықталады. Қазіргі кезде Орталық Азияда қауіпсіздік және сауда-экономикалық салаларда ынтымақтастығын дамытып, реттеп отыратын бірден-бір ШЫҰ-ның ролін арттыру керек. ШЫҰ-ны өзінің мүшелеріне тиімділігін арттырып, арасында ынтымақтастықты тереқдете отырып, әлемдік қауымдастықтық назарын өзіне ерекше аудартып отыр.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы ашық ұйым болғандықтан, әлемнің барлық бейбітшілікті қолдайтын елдеріне ашық. Бұл ұйымға кірген мемлекеттер арасында территориялық даулар жоқ, бірақ ортақ мүдделері бар. Қытай мен Орта Азиялық мемлекеттерге өздерінің күштерін терроризм, сепаратизм және экстремизмге қарсы күрес жүргізу мәселесіне қатысты ынтымақтасу өте қолайлы және тиімді болып келеді. Қытай, Ресей және Орта Азиялық мемлекеттер көліктік салада өзара тиімділік ынтымақтастықты кеңейтуде мүдделі.

Ортақ мүдделердік болуы және тығыз ынтымақтастық бөлек мемлекеттерге немесе сол мемлекеттердік құрылымдарына қарсы геосаяси альянстық құрылуын білдірмейді. Мәскеулік Самиттің қорытынды Декларациясында Шанхай ынтымақтастық ұйымы “мүше-мемлекеттер арасында өзара сенімділікті, достықты күшейту үшін” және “бөлек мемлекеттерге қарсы немесе мемлекеттер топтарына қарсы бағытталған ұйым болып

табылмайды” деп айтылған. Осыған орай Шанхай ынтымақтастық ұйымының құқықтық жағдайын анықтай отырып, осы ұйымның қауіпсіздік және экономикалық салаларда мақұзын ашық көрсету.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының халықаралық қауіпсіздік қамтамасыз ету мен экономика саласында мемлекеттер арасында ынтымақтастықты нығайту және күшейтуге құрылған жаңа халықаралық ұйым болумен байланысты. Осы ұйымға мүше-мемлекеттердік шешілмеген ішкі ішкі мәселелері сырттан келген қауіп-қатері діни-саяси экстремизм, халықаралық терроризм, зақсыз есірткі айналымы нысанында катализатор ретінде көрінеді. ШЫҰ-ның мүше-мемлекеттерінің әскери-саяси, қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ынтымақтастығы мәселесін зерттеу мақұзды болып отыр.

Тағы бір назар аударатын мәселе ШЫҰ-на мүше мемлекеттердік экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету, онсыз аймақта қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүмкін емес. ШЫҰ шеқберінде сауда-экономикалық ынтымақтастығын кеңейту ШЫҰ-ның мақұзды халықаралық экономикалық жобалардык бірі екендігін көрсетеді.

ШЫҰ-ның құқықтық жағдайының мәселесін зерттеу мен талдауға арналған әдебиеттер жоқтық қасы, себебі ШЫҰ өте жас ынтымақтастық ұйымы болып табылады.;

25 сәуірде 1996 ж. Ресейдің сол кездегі президенті Б.Ельциннің Қытайға сапары кезінде Қытай Халық Республикасының бұрынғы төрағасы Цзян Цзэминь, Ресей мемлекеті басшысы Ельцин, Қазақстан мемлекет басшысы Н.Назарбаев, Қырғыстан Республикасының мемлекет басшысы А. Акаев және Тәжікстан Республикасының мемлекет басшысы И.Рахмонов Шанхайда кездесу өткізіп, Қытай Халық Республикасы, Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы, Қырғыстан Республикасы және Тәжікстан Республикасы арасында "Шекара аймағындағы әскери сала сенімділікті нығайтуға қатысты келісімге" қол қойды. Бұл келісім бес елдік қауіпсіздігі үшін ғана емес, сонымен қатар бүкіл әлемнің тұрақтылығы мен бейбітшілігі үшін мақұзы зор болатын.

1997 ж. 24 сәуірде Қытай Халық Республикасы төрағасының Ресейге сапары кезінде бес елдік өкілдері Мәскеуде кездесу өткізді және "Шекара аймағында әскери күштерді өзара қысқарту туралы" бесжақты келісімге қол қойды. Бұл құжат 1996 ж. қол қойылған Шанхай құжатына толықтыру және нақтылық ретінде болды, сонымен бірге, қауіпсіздік мәселелерінде өзара сенімділікті күшейтті. Сонымен екі ірі көршілес держава, Қытай мен Ресей стратегиялық серіктес болды; екі елдік ортақ дамуына және өркендеуіне сенімділік және өзара ынтымақтастық көмегін тигізітініне сенімді болды. Қытай Халық Республикасының төрағасы Цзян Цзэминь Қазақстан Республикасының мемлекет басшысымен кездесуінде Қазақстанмен достық ынтымақтастықтық тұрақты және ұзақ мерзімді қатынасын дамыту қытайдық сыртқы сааясатының мақұзды бөлігі болып табылатынын мәлімдеді. Сонымен қатар, жалпы күшпен ХХІ ғасырға бағытталған жан-жақты ынтымақтастықтық достық қатынасын орнатуды көздеді.

Қытай Халық Республикасы төрағасы Цзян Цзэминь Қырғызстан президенті А.Акаевпен және Тәжікстан президенті И.Рахмоновпен бөлек кездесу өткізді.

1998 ж. 3 шілдеде Қазақстан Республикасының президентінің шақыруымен Қытай Халық Республикасы төрағасы Цзян Цзэминь Қазақстанға “бестіктің” үшінші кездесуіне қатысу үшін бағыт алды. Сол кезде Қытай Халық Республикасының төрағасы бейбітшілік пен тұрақтылықты қорғау, өркендету мен дамытуға үлес қосу жөнінде мәлімдеді; Аймақтық дамуы мен бейбітшілік мәселелеріне қатысты, оқтүстік Азиядағы жағдайға және бес елдік аймақтық экономикалық ынтымақтықтық мәселелеріне қатысты Қытай позициясын анықтап мәлімдеген болатын. Сонымен қатар, ол аймақтық дамуы мен бейбіт өмір сүруіне бағытталған күш-жігерін аямаған болатын деп мәлімдеді; Ресеймен және орта азиялық көршілермен бұл салада достық ынтымақтастыққа қол жеткізілді және бес ел арасында достық ынтымақтастықтық сақталуы мен дамуы үшін ұлттық сепаратизммен, терроризммен, қару қолдабандастан және басқа да аймақтық тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне қауіп төндіретін зұлымдықпен күресті жалғастыру керектігін көрсетті.

Кездесу өткен соқ, бес елдік сыртқы істер министрлері “Аймақтық декларацияға” қол қойды. Бұл декларацияда бес елдік екіжақты және көпжақты ынтымақтастығының кеңеюі мен күшеюі олардың халықтарының түпкі мүдделеріне сәйкес келеді және бүкіл Азияның тұрақтылығы, қауіпсіздігі, дамуы мен өркендеуінің маңызды факторы болып табылады. 1996 ж. 24 - 26 тамызына дейін Қытай Халық Республикасының төрағасы Цзян Цзэминь Қырғызстан астанасы Бишкекте болып, бес ел басшыларының төртінші кездесуіне қатысты; Қытай, Ресей, Қазақстан, Тәжікстан кездесу барысында Қытай Халық Республикасы төрағасы халықаралық жағдай, аймақтық қауіпсіздік және аймақтық экономикалық ынтымақтастық мәселелері жөнінде төрт елдік басшылары ойларымен ауысты. Бұл бес елдік әрі қарай көршілес достық қатынасының және өзара ынтымақтастық дамуына ықпалын тигізді. 25 тамызда бес елдік мемлекет басшылары “Бишкектік коммюникеге” қол қойды, онда 1996ж. Шанхайдағы кездесуден кейінгі уақыт арасындағы бес елдік ынтымақтыстық нәтижелерімен қанағаттанатындықтарын мәлімдеді, дәуір рухына сай келетін аймақтық қауіпсіздік пен ынтымақтастығының нығайтылуы жөнінен бес елдік тәжірибе жүзінде жасалған қадамдарын жоғары түрде бағалады. Қырғызстан президенті Акаевтық “Жібек жолының” қазіргі заманғы халықаралық ынтымақтастықта қайта өрлеу туралы идеясын қолдады. Сонымен қатар осы бес елдік ынтымақтастығы ашық және басқа елдерге қарсы бағыттанмағандығын мәлімдеді.

2000 ж. 4 шілде күнінің екінші жартысында Тәжікстан астанасы Душанбеде Қытай, Тәжікстан, Ресей, Қазақстан және Қырғызстан сыртқы істер министрлерінің кездесуі өтті. Бұл “Шанхай бестігінің” шеңберінде өткен сыртқы істер министрлігінің екінші кездесуі болды. Бұл кездесуде әрі қарай екі жақты және көпжақты ынтымақтастықты күшейту және сыртқы саяси стратегиясының келістіру мәселелерін талқылады, халықаралық және аумақтық жағдай мәселелері жөніндегі ойларымен бөлісті<sup>1</sup>.

2000 ж. 5 шілдесінде Қытай Халық Республикасы төрағасы Цзян Цзэминь Душанбеге сапарға аттанып, онда бес елдік басшылары халықаралық және аймақтық жағдай жөнінде ойларымен алмасып, ХХІ бейбітшілік, ынтымақтастық және достықтық сарайын салуға қатысты толық өзара түсіністікке қол жеткізді. Цзян Цзэминь жаңа ғасырға аяқ басар кезде “Шанхай бестігінің” алдында адамзатты соғыстан құтқару, мәкгі бейбітшілікке қол жеткізу, болашақта гүлдену, өркендеу және даму сияқты ұлы мақсаттар түр деген болатын.

Бұл үшін Қытай Халық Республикасының төрағасы төрт ұсынысты алға шығарды:

1. “Шанхай бестігінің” механизмін толықтыру және кемелдендіру, оның шеңберінде көпсалалы және көпсалалы кездесу механизмін жасау және кездесу механизмін ынтымақтастық механизмі деңгейіне жеткізу.

2. Қауіпсіздік саласында ынтымақтастықты терекдету, әртүрлі сепартистік, ланкестік және экстремисттік күштерді жою.

3. Екіжақты және көпжақты сауда-экономикалық ынтымақтастыққа мүмкіндік туғызу; Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанға Қытайдық Батыс аумақтарын танып-білуде қатысуын қолдау.

4. Халықаралық аренада ынтымақтастықты күшейту, көпполярлық әлемнің дамуына көмек көрсету.

Душанбелік кездесу “Шанхай бестігінің” мемлекет басшыларының кездесуінің бірінші сатысын аяқтады.

Келесі кездесу 2001 ж. 15 маусымда болды. Шанхайда бұл күні Ресей, Қытай, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан (“Шанхай бестігінің”) өздерінің қатарына Өзбекстанды алды. Сол күні Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) құрылуы туралы декларациясына қол қойылды. Бұның атын “белгілі мөлшерде батыс одақтарына геосаяси

---

<sup>1</sup> Лукин А.ШОС: проблемы и перспективы// Московский журнал международного права.-2004.- №2.-С.113

жағынан тек түрде қарсылық” тұғызу үшін өзгерткен болатын.

Бұл ұйымның мүшесі тек ғана саяси жобалармен ғана емес, сонымен қатар біріккен экономикалық жобалармен де айналысады (әсіресе Орта Азиядағы мұнайгаздық кеніштерін өңдеу саласында).

Шанхай ынтымақтастық ұйымы “Шанхай бестігінің” (Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Қытай және Тәжікстан) негізінде құрылды.

“Шанхай бестігі” өз кезінде “шекара аймағында әскери салада сенімділікті нығайту туралы келісім” 1996 ж. және “Шекара аймағында әскери күшті өзара қысқарту туралы келісімге 1997 ж. сәйкес құрылған.

Осы келісімдердік біріншісін жасасу үшін бес елдік басшылары 1996 ж. Шанхайда кездесті. Бұл “Шанхай бестігі” терминінің пайда болуына негіз болды<sup>2</sup>.

2001 жылдық 14-15 маусымда жақа аумақтық ұжым Шанхай ынтымақтастық ұйымы құрылды. Қатысушы-мемлекеттер арасында өзара сенімділікті, достықты және көршілес қатынасты нығайтуды; мемлекеттер арасында саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени, білім беру, энергетикалық, транспорттық, экономикалық және басқа салада ынтымақтастықты күшейту және оның дамуын жігерлендіру; аумақта қауіпсіздік пен тұрақтылықты, бейбітшілікті қамтамасыз ету және сақтау өзінің мақсаты ретінде көрсетті<sup>3</sup>.

Саммитте Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылуы туралы декларациясында Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылуының қағидалық бағыттары айқын көрсетілген. Олар бір жылдық ішінде зақи тілге аударылды және негізгі құжатында Шанхай ынтымақтастық ұйымының Хартиясында көрініс тапты.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының хартиясы Санкт-Петербургте кездесуде қабылданды.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының негізгі алатын құжаты — Хартия Шанхай ынтымақтастық ұйымының мақсаттары мен ынтымақтастығының негізгі бағыттарын анықтайтын, ұйымның құрылымы мен басқа елдермен және халықаралық ұйымдармен өзара қатынасының тәртібін анықтайды.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы келесідей қағидаларды қатақ сақтайды:

- “БҰҰ жарғысының” қағидалары мен мақсатын қатақ түрде орындау;
- тәуелсіздікті, егемендікті және территориялық тұтастықты өзара сыйлау;
- ішкі істерге араласпау;
- күш пен қауіпті күштеп қолданбау;
- барлық мүшелердік тек құқылығы;
- барлық мәселелерді өзара кеңес беру жолымен шешу;
- одақтарға кірмеу, басқа мемлекеттер мен ұйымдарға қарсы шықпау;
- басқа халықаралық және аумақтық ұйымдармен, басқа мемлекеттермен

диалогтар, алмасулар және әртүрлі ынтымақтастық жүргізуге дайын болу, Шанхай ынтымақтастық ұйымының өзара сенімділікті әскери күштерді қысқарту, ынтымақтастық жолымен қауіпсіздікке жетуді сақтайтын жақа қауіпсіздік концепциясын, серіктестік негіз болып табылатын мемлекетаралық қатынастардық жақа түрін, үлкен және кіші мемлекеттердік ортақ күшімен сипатталатын ынтымақтастықтық жақа түрін қолдайды.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылу процесі кезінде “өзара сенімділік, текдік, өзара қарым-қатынас, көптүрлі мәдениетті сыйлау, ортақ дамуға жетуді көздеуді” сипаттайтын “Шанхайлық рух” деп аталатын түсінік пайда болды<sup>4</sup>.

Хартияның 1-ші бабында көрсетілгендегі Шанхай ынтымақтастық ұйымының

<sup>2</sup> Бурнашев Р. “Шанхайская пятерка” ,”шестерка”...- далее без остановки ? // Континент.-2001.- №13.-С.29-30

<sup>3</sup> www. Вести.ru История создания ШОС.

<sup>4</sup> Мукашев С. Чужой среди своих // Континет –2004. №13.-С.24-25

негізі мақсаты болып:

- мүше мемлекеттер арасында өзара сенімділік, достықты нығайту; аумақта бейбітшілікті, қауіпсіздікті, тұрақтылықты сақтау мен нығайту мақсатында көпсалалы ынтымақтастықты нығайту, жақа демократиялық, әділ және рационалды саяси және экономикалық халықаралық тәртіпті орнатуға ықпал ету;

- терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге бірлесе отырып тойтарыс беру, есірткі мен қарудық зақсыз айналымымен және басқа да трансұлттық қылмыс түрлерімен күрес жүргізу, сонымен қатар зақсыз миграцияға қарсы күресу;

- жалпының мүддесі болып табылатын саяси, сауда экономикалық, қорғаныстық, құқық қорғаушылық, табиғат қорғаушылық, мәдени, ғылыми-техникалық, білім беру, энергетикалық, транспорттық, қаржы-несиелік және басқа салаларда аймақтық ынтымақтықты қолдау;

- аумақта көпжақты және балансталған экономикалық өсуге, әлеуметтік және мәдени дамуға ортақ іс-әрекетпен мүше-мемлекеттер халқының өмір жағдайын жақсарту және өмір декгейін жоғарылату мақсатында тек құқылық серіктестік негізінде ортақ іс-әрекетпен аймақта көпжақты және балансталған экономикалық өсуге, әлеуметтік және мәдени дамуға ықпал ету;

- әлемдік экономикаға интеграция кезінде координацияланған тәсіл табу;

- мүше-мемлекеттік халықаралық міндеттеріне сәйкес адамның құқтары мен негізгі бостандықтарын қамтамасыз етуге ықпал ету;

- басқа мемлекеттер және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынасты орнату және дамыту;

- халықаралық қақтығыстарды алдын-алуға қосыла бірге әрекет жасау және оларды бейбіт жолмен реттеу;

- XXI ғасырда болатын мәселелерді шешуге бірлесе отырып шешім іздеу.

- Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше-мемлекеттер келісідей қағидаларды ұстанады:

- егемендікті, тәуелсіздікті, мемлекеттік территориялық тұтастығын өзара сыйлау және мемлекет шекарасының мағзымастығы, ішкі істерге араласпау, күшпен басып кірмеу және қауіп-қатерді күштеп қолданбау, белгілі аймақтарда біржақты әскери басымдықтан бас тарту.

- барлық мүше-мемлекеттік тек құқылығы, әрбір мүшенік көзқарасын сыйлау және өзара түсінісу негізінде ортақ көзқарасты іздестіру;

- ортақ мүдделер саласында ортақ іс-әрекеттерді этаппен орындау;

- мүше-мемлекеттер арасындағы қақтығыстарды бейбіт жолмен жеку;

- Шанхай ынтымақтастық ұйымының басқа мемлекеттерге және халықаралық ұйымдарға қарсы бағытталмауы;

- Шанхай ынтымақтастық ұйымының мүдделеріне қайшы келетін кез-келген іс-әрекеттерді болдырмау;

- Хартияда және басқа да Шанхай ынтымақтастық ұйымының шекберінде қабылданған құжаттарда көрсетілген міндеттерді ерікті түрде орындау.

Сонымен қатар Шанхай ынтымақтастық ұйымының Хартиясық 3-ші бабында ұйымның ынтымақтастығық бағыттары да көрсетілген<sup>5</sup>.

ШЫҰ шекберіндегі ынтымақтастықтық негізгі бағыттары болып:

- аймақта қауіпсіздік пен сенімділікті орнату және бейбітшілікті сақтау;

- халықаралық ұйымдарда және халықаралық форумдарда ортақ мүдде болып табылатын сыртқы саяси мәселелерге қатысты ортақ көзқарасты іздестіру;

---

<sup>5</sup> Токаев К.К. Внешняя политика Казахстана / Сборник статей.- Алматы – М:МИД РК, 1995. – С.

- терроризмге, сепаратизмге және экстермизмге, қару мен есірткінің зақсыз айналысына, басқа да трансұлттық қылмыс түрлеріне, сонымен қатар, зақсыз миграцияға да ортақ қарпсылық көрсету бойынша шараларды өкдеп іске асыру;

- қарусыздандыру мәселесі бойынша күшті жүйелеуі және қаруландыруға қоса қадағалау жүргізу;

- әр түрдегі аймақтық-экономикалық ынтымақтасулықты қолдау, қызметтер мен технологиялар, капиталдық, тауарлардық еркін айналысын болдырту мақсатында сауда мен инвестицияларға ықпалды жағдай жасау;

- транспорт және коммуникация саласындағы инфраструктураны тиімді қолдану, мүше-мемлекеттердік транзиттік потенциалын одан әрі дамыту, кемелдендіру, экономикалық жүйені дамыту;

- аймақта су ресурстарын қолдануды қоса алғанда, рационалды табиғатты қолдануды қамтамасыз ету, ортақ арнайы қоршаған ортаны қорғауға бағытталған бағдарламалар мен жобаларды іске асыру;

- табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды алдын алуда өзара көмек көрсету және оларды салдарын жою;

- ШЫҰ-ның шеңберінде ынтымақтастықты дамыту мақсатында құқықтық ақпаратпен алмасу отыру;

- ғылым және техника, білім беру, денсаулық қорғау, мәдениет, спорт және туризм саласында өзара қатынасты кеңейту;

Сонымен қатар Шанхай ынтымақтастық ұйымының мүше-мемлекеттері өздерінің еріктері бойынша ынтымақтастық салаларын кеңейте алады <sup>6</sup>.

Ынтымақтастықтық экономикалық векторы ШЫҰ-қ мүше мемлекеттерінің мүдделерінің кешенінің барлығының тиімді баланстылығын қамтамасыз етеді. Қадағалаушылардың ойынша алты мүше мемлекеттік экономикасының өсу сипаты, олардың географиялық жақындығы, территориясының кеңдігі, бай ресурстары және экономикалық өзара толықтырушылығы сауда экономикалық ынтымақтастығы үшін үлкен потенциалы бар.

ШЫҰ-қ құрылуы туралы Декларациясында сауда-экономикалық бағыты артықшылық ретінде бөлініп көрсетілген.

2001 жылы 13-14 қыркүйекте Алматыда өткен ШЫҰ-қ мүше-мемлекеттерінің үкімет басшыларының аймақтық форумға жақа көзқараспен қарауға мүмкіндік берді. АҚШ-та болған қайғылы оқиға және Ауғанстандағы оқиғалар Саммитте қойылған мәселенің бағытын бірнеше өзгертсе де, премьер-министерлердік шешуі үшін күн тәртібін шығарылған мәселе шетте қалған жоқ. ШЫҰ-қ экономикалық қызметі юридикалық түрде бекітілді.

Сол жылы 9-10 шілде Астанада сауда-экономикалық ынтымақтастығының мәселелерін талқылау бойынша ШЫҰ-қ мүше-мемлекеттердік эксперттерінің бірінші кездесуі болды. Эксперттердік отырыс барысында әрбір мүше-мемлекеттік аймақтық сауда-экономикалық ынтымақтастықтық негізгі бағыттары мен мақсаттары, Қазақстан, Қытай және Ресей ұсыныстарының негізінде өкделген “Сауда және инвестициялық саясат саласында ықпалды жағдай жасау бойынша процесі туралы” Үкіметаралық құжаттық жобасы қаралған болатын.

ҚХР мемлекеттік Кеңесінің Чжу Жунцидык Ресейге, кейін Қазақстанға сапары кезінде Қытай мен Ресей, Қытай мен Қазақстан арасында ортақ коммуникеге қол қойылды. Бұл құжатта кейбір геосаяси және саяси пассаждар болғанымен, өзінің негізінде бұл құжаттар экономикалық сипатта болып келеді.

Жақа аймақтық экономикалық ұйымның құрылуының соңғы қадамы ретінде Алматыда құрылуының соңғы қадамы ретінде Алматыда ШЫҰ-қ мүше-мемлекет Үкіметтерінің арасында “Аймақтық экономикалық ынтымақтастықтық негізгі бағыттары

---

<sup>6</sup> Декларация осоздания ШОС. <http://www.in.mid.ru/ns-rusia.nsf>

мен сауда және инвестициялар саласында ықпайлы жағдай жасау процесі туралы” Меморандумға 2001 ж. 14 қыркүйекте қол қойылды. Осы құжатпен экономикалық салада ынтымақтастықты дамытудың негізгі мақсаттары және оларды жүзеге асыру механизмдері анықталды. ШЫҰ шеңберінде аймақтық экономикалық ынтымақтастықты дамуы әлемдік саясатта және экономикада аймақтық экономикалық күшін нығайтып, аймақтық маңыздылығын арттырады.<sup>1</sup>

Меморандумның кейбір аспектілері еріксіз назар аудартады. Біріншіден, қол қоюшы мемлекеттердің Бүкіләлемдік Сауда Ұйымының нормалар мен ережелеріне сәйкес бағыт ұстануы. Бұның себебі аймақтық экономикалық ұйым болған соқ, әлемдік қауымдастықта қабылданған ережелерді ұстанбауы мүмкін емес, сонымен қатар ШЫҰ-қ барлық мүше-мемлекеттері Бүкіләлемдік Сауда Ұйымына мүше болуға ниет білдірген болатын.

Екіншіден, Меморандум экономикалық тақырыпшаның басым болғанымен, онда геосаяси аспектілер де кездеседі. Преамбуланың өзінде ШЫҰ-ның құрылуы өзара пайдалы және көппрофильді ынтымақтастықты дамытуда мүше-мемлекеттердің кек мүмкіндіктері мен потенциалын қолдануға мүмкіндік туғызады, сонымен қатар әділ және рационалды халықаралық экономикалық тәртіптік орнатылуына ықпал етеді.

Үшіншіден, ШЫҰ-қ мүше-мемлекеттік аймақтық экономикалық ынтымақтастығының дамуының мақсаттарының кек және әртүрлі болуы осы ынтымақтастықты декларациялар мен талқылау саласынан тәжірибе деңгейіне өткізуге мүмкіндік береді. Сонымен, Меморандумда сауда мен инвестицияларға ықпайлы жағдай жасаудың нақты механизмдері көрсетілген; сыртқы экономикалық қызметке жауап беретін ШЫҰ-қ мүше-мемлекеттерінің министрлерінің кездесу механизмінің құрылуы көзделді, ынтымақтастықтың артықшылық бағыттары бөлінді.<sup>2</sup>

Экономикалық ынтымақтастықты кеңейту туралы мәселе Мәскеуде 2003 жылы өткен ШЫҰ-қ мүше-мемлекеттерінің басшыларының саммитінде көтерілген болатын. Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің айтуынша Ресей ШЫҰ шеңберінде өзара әрекеттестікті сауда-экономикалық операциялар есебінен кеңейтуді көздейтінік, ол қытайлық лидер Ху Цзиньтао ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің арасында көліктік хабарлау туралы келісім жасауды көздейтінін айтып өтті.

Өзбекстан Президенті Ислам Каримов Мәскеулік саммитте “ШЫҰ-ның қызметінде экономикалық вектор үздіксіз жоғарылайтындығын” айып өтті. Оның ойынша “Интеграцияға, ортақ аймақтық рынокты құруға” ортақ көзқарас болуы мақызы өте зор. Ислам Каримов та “біздің ынтымақтастығымыздық мақызды стратегиялық бағыты көліктік-коммуникациялық жобаларды өкдеу және жүзеге асыру болып табылады. Мұнда бәрінен бұрын Орталық Азия мен Қытайды ресейлік, европейлік және әлемдік рынокпен байланысыратын бағыт туралы айтамыз. Сонымен қатар бұл біздің елдеріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына аймаққа инвестициялардың кекмасштабты ағымының қамтамасыз етілуіне баға жетпес, бұрын соқды болмаған мүмкіндіктер ашады”. Бұған қоса Өзбекстан басшысы ШЫҰ өзінің күшін және мүмкіндіктерін көптеген жобаларға шашпау керектігін айтып өтті. Оның ойынша, бірнеше ірі, сонымен қатар аймақтық барлық мемлекеттеріне мақызды жобаларға тоқталу керек. Олардың қатарына көліктік коммуникация құрылысының жобасын жатқызуға болады. Бұл ой қытайлық тараппен мақұлданған болатын.

2003 ж. 23 қыркүйекте ШЫҰ-ның мүше-мемлекеттерінің үкімет басшыларының екінші кездесуінде Пекинде экономикалық өзара әрекеттестікті интенсификациялау туралы шешім қабылданды және “ШЫҰ-ның мүше-мемлекеттерінің көпжақты сауда-экономикалық ынтымақтастығының Бағдарламасы” бекітілді. Мұнда оның артықшылық

<sup>1</sup> Сыроежкин К. Главная интрига ШОС. // Континент.-2001.-№18.-С. 34-36

<sup>2</sup> Сыроежкин К. Шаг за шагом. // Континент.-2002.-№12.-С.32-34

салалары, негізгі мақсаттары және оның жүзеге асырылу механизмдері анықталды.

Бекітілген бағдарламаның шеңберіндегі артықшылықтары болып көліктік инфраструктураны дамыту, энергетика, қоршаған ортаны қорғау, әсіресе ішуге жарамды су мәселесі болып табылады. Негізгі мақсаттарға сауда және инвестицияға байланысты ықпайлы жағдай жасау, энергетика, информатика, телекоммуникациялар, қоршаған ортаны қорғау және рационалды табиғатты пайдалану салаларында көпжақты өзара әрекеттестікті стимуляциялау жатады.

Бұл бағдарлама 2002 жылға дейінгі мерзімге жасалған. Соңғы мақсаты-тауарлар, қызмет көрсетулер, капиталдар және жұмыс күшінің еркін айналысына жағдай жасау болып табылады. Көптеген сараптаушылардың көрсетуі бойынша ШЫҰ-қ мемлекеттерінің арасында экономикалық ынтымақтастықтық бағыттарын әрі қарай кеңейтудің потенциалы жоғары болып келеді. Мәскеулік мемлекеттік халықаралық қатынастар Институтының профессоры С.Г. Лузяниннің ойынша ортақ көліктік жобаларды құру және тразиттік сауданы көбейтуден басқа, ШЫҰ шеңберінде Ортаазиялық дамыту банкінің құру туралы айтуға болады. Бұл Ортаазиялық даму банкі ШЫҰ-қ негізгі экономикалық бағдарламалардың реттеушісі және сенімді инвестор болушы еді. Мұндай жоба, ғалымның ойынша, ШЫҰ-ның мүше-мемлекеттері үшін ғана емес, сонымен қатар бұл ұйымға кірмейтін елдер үшін де көзтартарлықтай болар еді.<sup>1</sup>

Қазақстан үшін ең алдымен қауіпсіздік кепілдіктері, қытайлық инвестициялар және қазақстандық компаниялардың қытайлық рынокқа шығу мүмкіндігі. Қытай үшін қазақстандық мұнайдық қосымша миллиондаған тонналарының жеткізілуі, Қазақстанда ірі масштабтық экономикалық жобаларға қатысу мүмкіндігі және мұнайгаз секторына кіру мүмкіндігі бар.

2003 ж. өткен эксперттер жиналысында ұйым шеңберінде тек мемлекеттік құрылымының ғана емес, сонымен қатар бизнестік өкілдерінен құралған Кеңес құру ұсынылды. Мүше-мемлекеттердің көпшілігінің шаруашылығына ірі жобалардың тендері негізінде ШЫҰ-мен жүзеге асыруы тәжірибелік, демонстарциялық әсері болар еді: қарапайым халық ұйымының оларға тәжірибелік пайда тигізерін түсінетін еді. Ал, ірі компаниялар болса ШЫҰ-н ірі тапсырушы ретінде танытын еді. Мұнда инфрасруктураны (мысалы көлік коридоры) және қоршаған ортаны қорғау, ауыз суды пайдалану саласындағы мәселелер қолдау табатын еді. Бірақ мұндай жобаларды жүзеге асыру үшін 3,8 млн. доллардан құралған ШЫҰ-қ бюджеті аздық қылады, осыдан шыға бюджеттік көбейтілу және оған басқа қаржыландыру қайнар көздерін тартуды көздеу керек. Мұнда ортақ жобаларды қаржыландыратын ШЫҰ-қ инвестициялық фонд құруы пайдалы болуы мүмкін.

Сонымен қатар, Қытай Қазақстаннан Қытайдық батысына мұнайгаз құбырын салуға келісімін мақұлдады. Оған қоса сапар барысында Қазақстандық және Қытайлық компаниялары арасында 223,5 млн. долларға контракт жасалды және 443,15 млн. долларға инвестициялық жобаларға қол қойылды. Жинақтай келе, бұл Қытайдық Қазақстан экономикасына инвестицияландыру бойынша АҚШ-тан кейін екінші орында екенін көрсетеді. Бұл тек геосаясат туралы абстрактілі әкшіме ғана емес, нақты экономикалық мүдделер.

Сонымен, аймақта тұрақтылықты экономикалық ынтымақтастықсыз қамтамасыз ету мүмкін емес екеніне мүше-мемлекеттердің көзі жетті. Экономикалық жағынан мықты болсақ, антитеррористік іс-әрекеттердің тиімділігі арта түседі және күшті болады. Егер қабылданған құжаттар құр декларация болып қалмаса, онда Орталық Азияда қауіпсіздіктен басталып экономиканың өсуін қамтамасыз ететін ынтымақтастық ұйымның маңыздылығына ешкім де ешбір күмән келтірмейді.

---

<sup>1</sup> Сыроежкин К. Новые рубежи ШОС. // Континент.-2003.-№18.-С.34-35



### Әдебиеттер тізімі:

1. Хартия Шанхайской Организации Сотрудничества <http://president.kremlin.ru>
2. Шанхайская конвенция о борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом. // Московский журнал международного права. 2003 №3 С. 233-243
3. Соглашение между государствами – членами Шанхайской организации сотрудничества о Региональный антитеррористической структуре. // Московский журнал международного права. 2002 №1. С. 285-295
4. Декларация о создании Шанхайской организации сотрудничества. // Московский журнал международного права. 2001 №4. С. 264-266.
5. Положение о совете глав государств – членов Шанхайской организации сотрудничестве. // Московский права. 2002 №4. С. 265-269
6. Положение о секретариате Шанхайской организаций сотрудничеств – членов Шанхайской организацих сотрудничестве. // Московской журнал международного права. 2002 №4. С. 250-257
7. Положение о секретариате Шанхайской организации сотрудничества. //Московской журнал международного права. 2002. №3. С. 279-288
8. Временное положения о порядку деятельности Совета национальных координаторов Государств – участников Шанхайской организации сотрудничества. <http://www.in.mid.ru/Ins-rosia.sf>.
9. Бурнашев Р. “Шанхайская пятерка”, “честерка”, - дальше без остановки? // “Континент”. – 2001. №13 (15). – С. 29-30
10. Муташев С. Чужой среди своих // “Континент”. – 2004. - №13 (125) С. 24-

**Аннотация:** Основоположителем принципа наглядности, давшим его обоснование, мы считаем чешского педагога Яна Амоса Коменского. Я.А. Коменский дал определение наглядности, которое называют «Золотым правилом дидактики». Именно оно послужило началом одного из важнейших путей развития школы, явилось первой ступенью для многих педагогических исследований. Он отмечал: «... все, что только можно, представлять для восприятия чувствами». В настоящее время в психолого-педагогической и методической литературе наблюдается разнообразие подходов и трактовок наглядного обучения, наглядности, видов наглядности, классификации средств наглядности.

В научной литературе и практике слово «наглядность» употребляется в трех смыслах. Во-первых оно означает некоторый объект (средство наглядности), во-вторых, некоторое свойство (наглядность реальных предметов, явлений, мышления), в-третьих, определенную деятельность человека (восприятие средств наглядности, использование их). В связи с многозначностью термина встречаем разные его определения. В педагогическом словаре дается следующее определение: «наглядность – дидактический принцип, согласно которому обучение строится на конкретных образах, непосредственно воспринимаемых учениками».

В этой статье мы рассматриваем понятие наглядного обучения в учебном процессе. Наглядность, вероятно появилась вместе с возникновением человеческого общества, вместе с потребностью передачи информации об отсутствующем на данный момент предмете или явлениях. Об этом говорят дошедшие до нас наскальные рисунки. Наглядное обучение возникло, по всей видимости, вместе с первыми школами. Проблема научности и доступности, сознательности и активности ставит перед учителем вопрос об отыскании на практике активных методов формирования и организации учебной познавательной деятельности. Один из путей решения этой проблемы - сделать обучение наглядным по геометрии. Для осуществления выше сказанного перед преподавателями стоит вопрос нужно улучшить качество преподавания, эффективное и наглядное применение средств интерактивной доски на уроках.

**Abstract:** Information technologies began appearance and became possibility to use their strong resources in aim of teaching mathematics. Therefore in work contemplate realization of principle of use visual methods in teaching of mathematics resource of information technologies on the basis school in the Republic of Kazakhstan.

Education – a complex pedagogical process, joint activity of learners and trained, teacher and pupil. Education must be not reduced to conveying and acquiring formulated the rules, formula, theorems. This is active creative searching from the direction of teacher and from the direction of pupil.

The task of the teacher consists in that in the process of conveying of the knowledge to teach the pupil to active forms of the teaching, leading to independent gaining the knowledge. The task of the pupil - master knowledge system, to solve independently creative tasks. The scientific problem and accessibility, consciousnesses and activities puts before teacher question about finding active methods of the shaping and organizations to scholastic cognitive activity in practice. One of the ways of the decision of this problem – do demonstrative teaching.

For realization above said before teacher stands the question is it necessary to perfect, the quality a teaching, efficient and demonstrative using of new informational technologies, as well as complex use of education facilities on mathematics lesson in the secondary school. In this article we consider the notion of the visual teaching. The visual aid probably appeared together with origin of human society, together with the need of the transmission to information on being absent at the present moment subject or phenomena. (The past speak About this before us stone drawings). Visual teaching appeared, to all appearances, together with the first school. The founder of the principle of visuality, who set the basis we consider the Czech teacher Yana Amosa Komenskogo. YA.A. Komenskiy gave the definition of visuality, which is called “Golden rule of the didactics”. Exactly it has served the beginning of one of the most important ways of the development of the school, was a first step for many pedagogical researches. He noted: “ ...all that only possible, to present for perception feeling”. Students will get to know the surrounding world by means of all organs of feeling. The main channels of the reception of information are auditory and visual analyzers. The system “ear-brain” can skip 50 bits of information at second. With beginning of the industrial manufacture of computers of the first generations and their appearan